

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 317 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 шілдедегі N 1038 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 380 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 380 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 сәуірдегі N 317 қаулысына мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұ ж ы р ы м д а м а с ы н а :

"Тұжырымдаманың негізгі бағыттары мен іске асыру тетіктері" деген 3-б ө л і м д е :

"Медицина және фармацевтика кадрларын даярлау құрылымдарын өзгерту" деген 5 . 1 - п а р а г р а ф т а :

он жетінші абзацтың 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"медициналық-профилактикалық іс бакалавры академиялық дәрежесі беріле отырып "медициналық-профилактикалық іс" (5 жыл);";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2010 жылдарға арналған і с - ш а р а л а р ж о с п а р ы н д а :

реттік нөмірі 2-жолдың 5-бағаны ", 2009 жылғы 2-тоқсан" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

